**БЕКІТЕМІН**
**«Bolashaq» Академиясының Ректоры,**
**философия докторы (Phd)**
**_________ Аланов К.Б.**
**«05» 01 ________ 2026ж.**

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ
**ЕРЕЖЕ**

---

# «BOLASHAQ» АКАДЕМИЯСЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ МЕН МАГИСТРАНТТАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ КОНКУРСЫ ТУРАЛЫ

**СМЖ ҒЗЖОЖ-103-03-2022**

**Дана. № 1**
**Көшірме № 1**

**Қарағанды**

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады.

**1 ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ:** ҒЖжХБ жөніндегі проректордың жұмыс тобы (ЖТ) бірлесіп әзірлеуімен
**ЖТ жетекшісі** – Асакаева Д.С.
**2 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** «Bolashaq» академиясының Ғылыми кеңесімен
**3 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:**
ҒЖжХБ жөніндегі проректор – Асакаева Д.С.
ҒжХБ басқармасының басшысы – Хасенов Б.Р.
ғылыми қызметкер – Тұрғанбай М.Д.
маман – Смагулова Г.С.
**4 ТЕКСЕРУ МЕРЗІМДІЛІГІ:** 1 жыл
**5 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ:** СМЖ Ж ҒТК-2025

Осы Ереже «Bolashaq» академиясы» ЖМ ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта жаңғыртуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

**Мазмұны**

1. Кіріспе 4
2. Конкурс шарттары 5
3. Конкурсты ұйымдастыру және жүргізу тәртібі 6
4. Жұмыстарды ресімдеуге және ұсынуға қойылатын талаптар 7
5. Жұмысты бағалау парағы 8
6. Қосымша 1 9
7. Қосымша 2 12
8. Қосымша 3 11
9. Қосымша 4 12
10. Қосымша 5 13

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады.

## Кіріспе

Студенттер мен магистранттардың ғылыми жұмыстар конкурсы студенттер мен магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы мен ізденіс шығармашылығы дағдыларын дамыту, оларды ғылыми-зерттеу қызметіне тарту, инновациялық технологиялар негізінде қазақстандық қоғамның және оның білім беру саласының даму мәселелері бойынша әлеуметтік тапсырыстарды іске асыруға жұмылдыру, сондай-ақ республикалық конкурсқа қатысу үшін үздік студенттік және магистрлік жұмыстарды іріктеу мақсатында өткізіледі.

Конкурсқа ұсынылатын ғылыми жұмыстардың тақырыптары қазіргі заманғы ғылымның өзекті мәселелерімен және қазақстандық қоғамның дамуымен байланысты болуы, ең алдымен білім беру саласының қалыптасуы мен дамуына, өсіп келе жатқан ұрпақты оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелерін шешуге арналуы тиіс.

**Конкурс шарттары**

Конкурс **барлық білім беру бағдарламалары бойынша ұйымдастырылады**: Педагогика және психология; Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу; Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі; Шетел тілі: екі шетел тілі; Қазақ тілі мен әдебиеті; Құқықтану; Қаржы; Фармация.

**Конкурстық жұмыстар мынадай зерттеу бағыттарына сәйкес келуге тиіс:**

1. Қазақстан Республикасының заңнамасын дамытудың перспективалары;
2. Қаржы жүйесінің проблемалары және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
3. Дамып келе жатқан тұлғаның психологиялық-педагогикалық аспектілері;
4. Үздіксіз білім беру жағдайында тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және дамыту үдерістерін ұйымдастырудағы инновациялық тәсілдер;
5. Қазақ филологиясы: бүгіні мен болашағы;
6. Тілдерді білу – мәдениетаралық коммуникацияның негізі;
7. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері;
8. Қазіргі даму кезеңіндегі химия-фармацевтикалық және биология-медициналық ғылымдардың өзекті мәселелері.

Ғылыми жұмыстар конкурсына Академияның барлық курстарындағы студенттер мен магистранттар қатыса алады. Конкурстың әрбір зерттеу бағыты бойынша (8 бағыт) үздік жұмыс анықталады. Зерттеу бағыты бойынша конкурсқа **3 және одан да көп жұмыс** ұсынылған жағдайда конкурс өтті деп есептеледі.

Конкурстық жұмыстар ретінде студенттер мен магистранттардың аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстары ұсынылады. Ғылыми жұмыс қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде орындалуы, зерттеушілік сипатта болуы, ғылыми және практикалық маңызы бар дербес қорытындыларды қамтуы тиіс.

Конкурсқа студенттер, магистранттар, сондай-ақ студенттік және магистрлік ұжымдар (үш адамнан аспайтын топтар) қатыса алады. Ғылыми жұмыс таңдалған тақырып бойынша пәнаралық зерттеу сипатына ие болуы мүмкін.

Конкурстық жұмыстарға сараптама жүргізу кафедра меңгерушілерімен келісім бойынша Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы қалыптастыратын сараптамалық комиссиялар арқылы жүзеге асырылады. Комиссия құрамына Академияның тәжірибелі оқытушылары (1 адам), студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жетекшілері немесе ғылыми жетістіктері бар

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады.

студенттер (1 адам), сондай-ақ кафедра филиалының, өндіріс саласының немесе тәжірибелі практик-маманның өкілі (1 адам) кіреді. Конкурсқа қатысу үшін өтінім берген оқытушылар мен студенттер комиссия құрамына енгізілмейді. Сараптамалық комиссиялар Жас ғалымдар кеңесінің төрағасының ұсынуы және ҒЗ және МС жөніндегі проректормен келісімі негізінде жоғары оқу орнының ректоры тарапынан бекітіледі.

Конкурсты өткізу бойынша ұйымдастырушылық-үйлестірушілік жұмысты Академияның Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы жүзеге асырады.

Студенттер мен магистранттардың конкурстық ғылыми жұмыстарына қорытынды баға жұмысты бағалау парағында (төменде қараңыз) көрсетілген өлшемшарттарды ескере отырып, он балдық жүйе бойынша қойылады. Аталған өлшемшарттар қатаң міндетті болып табылмайды және ғылыми жұмыстың бағытының ерекшеліктеріне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

*Ескертпе.*

*1. Конкурсқа қатысушылар өз ғылыми жұмысының тезистерімен (баяндама тезистерімен) «Жастар және қазіргі заманның жаһандық мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның (халықаралық қатысумен) пленарлық немесе секциялық отырысында міндетті түрде баяндама жасауы тиіс.*

*2. Конкурсқа қатысушылар конференцияның ұйымдастыру жарнасын төлеуден босатылады, конференция материалдарының жинағын *.pdf форматында және сертификат алады. Егер конкурсқа қатысушы конференция жинағының қағаз нұсқасын алғысы келсе, ұйымдастыру жарнасын жалпы тәртіпке сәйкес төлейді.*

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады.

**Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

Конкурс екі кезеңмен өткізіледі.

**Бірінші кезең.** Ағымдағы жылдың **5 қаңтарынан 10 ақпанына дейін** кафедраларда өткізіледі. Бұл кезеңде конкурсқа жоғары оқу орны деңгейінде қатысу үшін жіберілетін үздік жұмыстар іріктеледі. Конкурстың бірінші кезеңінің қорытындысы бойынша кафедраның СҒЗЖ бойынша сарапшылары мен жауапты тұлғалары студенттер мен магистранттардың үздік ғылыми-зерттеу жұмыстарын іріктеп, жолдайды.

Кафедралар немесе ғылыми үйірмелер ұсынған, талапқа сай ресімделген конкурстық жұмыстар конкурсты өткізуге жауапты тұлғаға – Жас ғалымдар кеңесінің төрағасына ағымдағы жылдың **10 ақпаны күні сағат 17:00-ге дейін** (Ерубаев к-сі, 16, 200-кабинет) тапсырылуы тиіс. Барлық жұмыстар конкурсты өткізуге жауапты тұлға тарапынан кодталып, сарапшыларға анонимді түрде ұсынылуы қажет.

**Екінші кезең. 11 ақпаннан 13 ақпанға дейін – сараптамалық комиссиялардың жұмысы.** Ректордың бұйрығымен бекітілген конкурстық сараптамалық комиссиялар барлық білім беру бағдарламалары бойынша түскен жұмыстарды қарайды, олардың сапасы мен маңыздылығын бағалайды, жүлделі орындарды анықтайды.

**Ағымдағы жылдың 16 ақпанында** конкурстық комиссия конкурсанттармен жұмыс тақырыбы бойынша әңгімелесу өткізеді. Әңгімелесудің өткізу орнын конкурсты өткізуге жауапты тұлға айқындайды және аудитория туралы ақпаратты сарапшыларға хабарлайды. Конкурсанттар сараптамалық әңгімелесуге жұмыстардың тіркелу ретіне сәйкес кезекпен қатысады.

Конкурстың екінші кезеңі аяқталғаннан кейін ғылыми жұмыстар конкурсының қорытындысын шығаратын бұйрық шығарылады. Конкурс қорытындылары мен жеңімпаздарды **марапаттау «Жастар және қазіргі заманның жаһандық мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтетін күні салтанатты жағдайда өткізіледі.**

Жеңімпаздар Қазақстан Республикасының базалық жоғары оқу орындарында өтетін конкурстың келесі кезеңіне қатысу үшін айқындалады. Академия конкурс бөлімдерінің тиісті бағыты бойынша базалық жоғары оқу орнына келесі құжаттарды жолдайды:

1) ғылыми жұмыс;

2) ғылыми жұмыстың аннотациясы (2-қосымша);

3) орындалған жұмыстың дербестік деңгейі туралы ғылыми жетекшінің пікірі (еркін нысанда);

4) автор (авторлар) және ғылыми жетекші туралы мәліметтер (3-қосымша);

5) конкурстың бірінші кезеңінің қорытындылары туралы ректор қол қойған хат;

6) жұмысты конкурсқа ұсыну туралы жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесінің шешімі, ол хаттамамен ресімделеді.

Жүлделі жұмыстар мамандық бойынша жетекші жоғары оқу орындарының ОӘБ-не ғылыми жетекші тарапынан **1 сәуірге дейін** дербес түрде жіберіледі.

Конкурстық жұмысымен бірге жеке мөрленген конвертте авторлар және ғылыми жетекші туралы мәліметтер, сондай-ақ ашық конкурстың бірінші турының қорытындылары туралы ректор қол қойған хат немесе ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурсына жұмысты ұсыну жөніндегі жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесінің шешімі ұсынылады. Егер жұмыс авторлық ұжыммен орындалған болса, авторлар тізімі олардың жеке үлесіне сәйкес беріледі.

Осы Ұсынымдардың талаптарын бұза отырып ұсынылған жұмыстар конкурсқа қатысудан базалық жоғары оқу орнының конкурстық комиссиясы тарапынан қабылданбауы

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады.

мүмкін (қабылдамау себептері міндетті түрде көрсетіледі). Конкурсқа ұсынылған студенттердің ғылыми жұмыстары қайтарылмайды.

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады.

**Жұмыстарды ресімдеуге және ұсынуға қойылатын талаптар**

1. Конкурстық студенттік ғылыми жұмыс баспа мәтін түрінде ұсынылады (қаріп өлшемі – 14, жоларалық интервал – бір жарым; жиектері: жоғары, төменгі, сол және оң жақтары – 2 см) – 1 дана.
2. Ғылыми жұмысқа ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу туралы актілер (акт көшірмелері), патенттердің көшірмелері, ғылыми мақалалардың көшірмелері қоса берілуі мүмкін. Дипломдық, курстық жұмыстар мен жобалар ғылыми жаңалығы болған жағдайда немесе олардың нәтижелерін өндірісте не оқу үдерісінде енгізу көзделсе, конкурсқа ұсынылуы мүмкін.
3. Жұмыстың көлемі **А4 форматында 30–50 беттен аспауы тиіс**.
4. Конкурстық ғылыми жұмыстың құрылымдық элементтері:

• титулдық бет (1-қосымшаға сәйкес);

• мазмұны; кіріспе (өзектілігі, ғылыми аппараты және т.б.); негізгі бөлім; қорытынды (қорытындылар); пайдаланылған дереккөздер мен әдебиеттер тізімі;

• қосымшалар (жұмыстың презентациясы *.ppt форматында; макеттер мен табиғи экспонаттарды ұсынуға жол берілмейді, жұмысқа қоса берілетін сызбалар мен иллюстрациялар стандартты өлшемдегі парақтарда орналастырылуы тиіс);

• ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу туралы актілер (акт көшірмелері), патенттердің көшірмелері, ғылыми мақалалар. Дипломдық, курстық жұмыстар мен жобалар ғылыми жаңалығы болған немесе олардың нәтижелерін өндірісте не оқу үдерісінде енгізу көзделген жағдайда конкурсқа ұсынылады.

5. Орындалған жұмыстың дербестік деңгейі туралы ғылыми жетекшінің пікірі (еркін нысанда);
6. Жұмысты конкурсқа ұсыну туралы кафедраның немесе студенттік ғылыми үйірме жетекшісінің ұсынымы;
7. Ғылыми жұмыстың аннотациясы (2-қосымшаға сәйкес);
8. Автор және ғылыми жетекші туралы мәліметтер (3-қосымшаға сәйкес);
9. Конкурстық жұмысты бағалау парақтары (4-қосымша – 3 дана және 5-қосымша – 1 дана).

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады.

**Жұмысты бағалау парағы ___________________________________________**

**Зерттеу бағыты № ____.**

________________________________________________________________________

______________________________________________________

**Тақырыбы «_______________________________________________________»**

| **Жұмысты бағалау өлшемі** | **Ең жоғары балл** | **Алынған балл** |
|---|---|---|
| 1) қаралатын мәселенің өзектілігі, түпнұсқалық авторлық тәсіл | 10 | |
| 2) ғылыми жаңалығы | 10 | |
| 3) құрылымның негізділігі және баяндау логикасы | 10 | |
| 4) стильдің ғылымдылығы және баяндау мәдениеті | 10 | |
| 5) арнайы әдебиетті, оның ішінде түпнұсқа тіліндегі шетелдік әдебиетті пайдалану және ақпарат көздерінің әртүрлілігі | 10 | |
| 6) ақпаратты талдау мен қайта өңдеудің қазіргі заманғы әдістерін пайдалану | 10 | |
| 7) жұмыстың практикалық маңыздылығы, зерттеу нәтижелерін байқаудан өткізуді және енгізуді растайтын жұмысты байқаудан өткізу құжаттарының болуы | 10 | |
| 8) презентациялық материал | 10 | |
| 9) жұмыс авторларының конкурстық комиссия мүшелерімен әңгімелесу процесіндегі құзыреттілігі | 10 | |
| 10) жұмысты ресімдеу | 10 | |
| **Барлығы** *(жұмыс ең жоғары дегенде 100 баллдан артық жинай алмайды.)* | 100 | |
| **Сарапшының ТАӘ** | | |
| **Сарапшының қолы** | | |

1. Конкурстың жалпы жүлде қоры **150 000 теңгені** құрайды:

• 1-орынды иеленген үздік жұмыс үшін – **80 000 теңге** мөлшерінде сыйақы (әрбір зерттеу бағыты бойынша – 8 бағыт);

• 2-орын алған жұмыстар үшін – **50 000 теңге** мөлшерінде сыйақы (әрбір зерттеу бағыты бойынша – 8 бағыт);

• 3-орын алған жұмыстар үшін – **20 000 теңге** мөлшерінде сыйақы (әрбір зерттеу бағыты бойынша – 8 бағыт);

• конкурстың қалған қатысушыларына номинациялар бойынша қатысушы дипломдары табысталады;

• студенттер немесе магистранттар ғылыми жұмыс орындаған ғылыми жетекші конкурс қорытындыларына сәйкес алғыс хатпен немесе дипломмен марапатталады.

*Ескерту. Барлық берілетін сыйақылардан жеңімпаздардан жеке табыс салығы ұсталады.*

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады.

Қосымша 1

**Титулдық парақты ресімдеу үлгісі**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Bolashaq» Академиясы» жеке меншік мекемесі

**Педагогика және психология кафедрасы**

**«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы**

**ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ**

**Зерттеу бағыты №4: Қазақстанның рухани мәдениетінің көрнекті ғалымдар мен ойшылдар шығармашылығындағы дамуы.**

**Тақырып. «ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚОҒАМДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУ»**

**Студент орындады**
ПиП-24-1 тобы
Кравченко Екатерина Павловна
________________________________

**Ғылыми жетекші:**
педагогикалық ғылымдар кандидаты,
ПжП кафедрасының доценті
Бычек Мария Николаевна

Қарағанды
2026

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады.

Қосымша 2

**Ғылыми жұмыстың аңдатпасы**

1. Жұмыс атауы
2. Ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік рубрикаторы
3. ЖОО атауы
4. Жұмысты аяқтау жылы
5. Жұмыс көлемі: ________б.
6. Қосымша саны:______б.
7. Сурет саны:_______б.
8. Кесте саны:______б.
9. Пайдаланылған дереккөздер саны:______

Жұмыс сипаттамасы:
1. Ғылыми жұмыстың мақсаты
______________________________________
2. Жүргізілген зерттеу әдістері
______________________________________
3. Ғылыми зерттеудің негізгі нәтижелері (ғылыми, тәжірибелік)
______________________________________
4. Ғылыми нәтижелерді пайдалану туралы құжаттардың болуы (иә, жоқ)

Автордың қолы

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады.

Қосымша 3

**ҒЗЖ конкурсына ұсынылған жұмыстың авторы және ғылыми жетекшісі туралы МӘЛІМЕТТЕР**

АВТОР
1. Тегі
2. Аты
3. Әкесінің аты
4. Курс

Ғылыми жұмыс және халықаралық
байланыс жөніндегі проректор (қолы)

Ғылыми жетекші (қолы)

Жұмыс авторы (қолы)

Қосымша 4

**САРАПШЫНЫҢ КОНКУРСТЫҚ ЖҰМЫСЫН БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ**

(Үш (!!!) дана болып ұсынылады.)

______________________________________________________________________

**Жұмыс шифрі** ________________________________________________________

**Конкурсқа қатысушының ТАӘ** _____________________________________________
**Зерттеу бағыты №**_____ ___________________________________

______________________________________________________________________
**Тақырыбы «**______________________________________________________________**»**

| **Жұмысты бағалау өлшемі** | |
| --- | --- |
| 1)қаралатын мәселенің өзектілігі, түпнұсқалық авторлық тәсіл | |
| 2) ғылыми жаңалығы | |
| 3) құрылымның негізділігі және баяндау логикасы | |
| 4) стильдің ғылымдылығы және баяндау мәдениеті | |
| 5) арнайы әдебиетті, оның ішінде түпнұсқа тіліндегі шетелдік әдебиетті пайдалану және ақпарат көздерінің әртүрлілігі | |
| 6) ақпаратты талдау мен қайта өңдеудің қазіргі заманғы әдістерін пайдалану | |
| 7) жұмыстың практикалық маңыздылығы, зерттеу нәтижелерін байқаудан өткізуді және енгізуді растайтын жұмысты байқаудан өткізу құжаттарының болуы | |
| 8) презентациялық материал | |
| 9) жұмыс авторларының конкурстық комиссия мүшелерімен әңгімелесу процесіндегі құзыреттілігі | |
| 10) жұмысты ресімдеу | |
| **Барлығы** | |

**Сапаршының ТАӘ және қолы** _____________________________________________

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады.

Қосымша 5

**КОНКУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛАУДЫҢ ЖИЫНТЫҚ ПАРАҒЫ**
*(1 дана.)*

**Жұмыс шифрі** ______________________________________________________
**Конкурсқа қатысушының ТАӘ** ____________________________________________
**Тақырыбы «**____________________________________________________________**»**

| **Жұмысты бағалау өлшемі** | **Балл саны** | | |
|---|---|---|---|
| | **1-сарапшы** | **2-сарапшы** | **3-сарапшы** |
| 1) қаралатын мәселенің өзектілігі, түпнұсқалық авторлық тәсіл | | | |
| 2) ғылыми жаңалығы | | | |
| 3) құрылымның негізділігі және баяндау логикасы | | | |
| 4) стильдің ғылымдылығы және баяндау мәдениеті | | | |
| 5) арнайы әдебиетті, оның ішінде түпнұсқа тіліндегі шетелдік әдебиетті пайдалану және ақпарат көздерінің әртүрлілігі | | | |
| 6) ақпаратты талдау мен қайта өңдеудің қазіргі заманғы әдістерін пайдалану | | | |
| 7) жұмыстың практикалық маңыздылығы, зерттеу нәтижелерін байқаудан өткізуді және енгізуді растайтын жұмысты байқаудан өткізу құжаттарының болуы | | | |
| 8) презентациялық материал | | | |
| 9) жұмыс авторларының конкурстық комиссия мүшелерімен әңгімелесу процесіндегі құзыреттілігі | | | |
| 10) жұмысты ресімдеу | | | |
| **Барлығы** | | | |
| | | | |

**Конкурстық комиссияның мүшелері:**

1) ____________________________________________
2) ____________________________________________
3) ____________________________________________

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады.